

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы
«Қарлығаш» бөбекжай- бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

«Әжемнің ертегісі»

Сахналық көріністер

Авторлық бағдарлама

Мырзакулова Зарафшан Дилдабекқызы
Бегайдарова Айнур Умиртаевна
Буркитбаева Эльмира Даулетқызы
Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы



Төлеби ауданының білім бөлімінің «Озық іс – тәжірибе тарату туралы» 29.03.2024жылы өткізілген аудандық әдістемелік кеңестің №5 хаттамалық шешімі бойынша баспаға ұсынылды. Бұйрық №101-п. 08.04.2024ж.

Сахналық қойылым- балабақша тәрбиешілерің өміріне шығармашылық сипат беретін онды дүние. Сондықтан, біз сахналық қойылымды жиі жоспарлы түрде ұйымдастыруды жөн көрдік.

Ертегілерді әңгімелерді қысқаша оқиғаларды немесе нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріп, ауызша айтқаннан гөрі сахнада қойылым жасап айтылғаны балалардың есінде мәңгіге қалатынына көз жеткіздік. Өйткені балалар ден қойып тындайды. Әрбір тәрбиеші қысқа ертегілерді, әңгімелерді рөлдерге бөліп, сахна көрінісін жасап балалармен әр түрлі қойылымдарды ұйымдастырып, көрсетуге үлкен мән берілген жөн. Бұл әдістің пайдасы біздің кішкентай бөбектеріміздің сахнада ойнау арқылы жан-жақты дамиды. Атап айтқандай: қарапайым шығармалардан кереметтей сахналық көрініс жасауға болатыны сезініп, оған өздерінің кіп-кішкентай болып қатысқанына қуанады, арман,қиял құшағына енеді, ақыл-ой белсенділігі артады, бара-бара өз тарапынан да өнер көрсете алады.

Өзі сомдаған кейіпкердің сөзін жаттай тіл байлығы жетіледі.

Сондай-ақ, сахнада жүру, тұру,сөйлеу, өзін-өзі білу, сыйлау мәдениетіне үйренеді. Рөлді атқару арқылы бала жағымды әдет, жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйреніп, өзі жаман нәрсені қайталамауға тырысады.

Осылайша, жан-жақты тәрбиеленген бала бар жаттаған, оқыған, естіген, білгендерін өмірінде кездескен түрлі жағдайда да орынды қолдана білуге тырысады.

Бұдан шығатын қорытынды, тәрбиешілер сабақ үстінде тақырыпқа сәйкес, 3-5 минуттық қойылымдар жүргізсе, баланың қабылдау қасиеті күшейіп, көрген-білгендерін, естігенін жаңғырта отырып, әңгілемелеуде көп жетістікке жетеді. Тілі жаттығып, сөздік қоры кеңейіп, көсіле, орынды сөйлеу, әділдік айту, шындықты айту дағдыларын қалыптастырады

**«Әжемнің ертегісі» тақырыбындағы сахналық көріністердің
тақырыптары**

№	Тақырыптары	
1	Нағыз дос-адал дос	
2	Марғаудың арманы	
3	Қамқорлық	
4	Әдепті бала	
5	Мақтаншақ бала	
6	Мақтаншақ тышқан	
7	Ақылды бала	
8	Тастанды күшік	
9	Жалақау қоян	
10	Аңғал қоян	

1.Тақырыбы: «Нағыз дос – адал дос».

Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсіне білуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, ертегінің желісі бойынша адал дос қандай болу керектігін түсінуге ықпал ету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, мейірімділікке тәрбиелеу.

Қатысушы кейіпкерлер: түлкі, құндыз, қасқыр.

Сахналық безендіру: тау, орман, аспалы көпір.

Қойылым барысы: тау көрінісі, көктем мезгілінің бейнесі.

Автор: ертеде бір түлкі, қасқыр, құндыз үшеуі дос болыпты. Бір күні олар саяхатқа шықпақшы болады.

Түлкі: достар, біздің достығымыз да, өміріміз де біркелкі, жақсы өтіп жатыр. Бірақ бізге неге саяхаттап, басқа жерлерді, орман, көлдерді де көрмеске? Қыдырып көрейік, басқа жерлерді де көрейік, - дейді (сызылып).



Қасқыр: дұрыс айтасың, түлкіжан. Қандай қиындық кездессе де, бір-бірімізді қолдайық, - дейді (қырылдап).

Автор: сөйтіп олар жиналып, алыс сапарға шығады. Таулардан, орамдардан өтіп, өзенге жетеді. Арғы бетке аспалы көпірмен өту керек. Үшеуі бірдей аспалы көпірден өте алмайды.

Құндыз: сен бірінші өт! Сен бізден үлкенсің, - дейді (қасқырға қарап).

Қасқыр: жоқ, сен бірінші өт, мен өтіп кетіп, сендер артымда қалып қойғандарың жарамас, - дейді (жаны ашыған қалыппен).

Түлкі: дұрыс! Құндыз бірінші өтсін!

Автор: құндыз көпірден өте берген кезде көпір сынып кетеді. Құндыз суға құлайды.

Түлкі: ойбай! Қасқыр, суға секір, құндыз суға кетті, тез! (Айқайлайды).

Қасқыр: өзің секір. Мен судан қорқамын, ауырып қаламын, - дейді (қырылдап).

Автор: түлкі мен қасқыр өкінген кейіп танытып тұра береді.

Құндыз: рақмет, достар! Мен жүзуді білемін. Өзім-ақ судан шыға аламын, - дейді. Көпірдің астынан дауысы шығады. Құндыз жағаға жөтеліп, сілкініп шығады.



Түлкі: міне, жақсы болды, - деп (қуанады).

Құндыз: жоқ, мен сендермен бірге бармаймын.

Түлкі мен қасқыр бірдей: неге?

Құндыз: өйткені, сендер менің нағыз достарым емессіңдер, бір-бірімізді қиын-қыстау кезде тастамаймыз дегеніміз қайда?! (Бұрқылдап кетеді).

Автор: міне, содан бері құндыз өзінің суында өмір сүріпті. Түлкі мен қасқыр достықтан ажырапты.

Досы көпті жау алмас,

Ақылы көпті дау алмас.

2.Тақырыбы: «Марғаудың арманы».

Мақсаты: балаларға ертегінің мазмұнын түсінуге, ондағы кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге көмектесу. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін сезіну және одан әсер алу. Өздеріне тиесілі рольдерге еніп, оны іскерлікпен, үлкен шығармашылықпен орындауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: торғай, сауысқан, марғау, аула көрінісі, қораз, тауықтар дауысы, кәрі төбет.

Автор: бір күні үй көлеңкесінде марғау қалғып-мүлгіп, көзін бір жұмып, бір ашып жатқан еді. Ұйқысын сол маңда шикылдап ұшып-қонып жүрген сауысқан ашқандай болды.



Марғау: әп бәлем, құрт ұрлауға келдің бе, жақындай түс.

Сауысқан секектеп шатырға қонып, ағашқа қонып, құрт жайылған өреге жақындап, жан-жағына ұрлана қарап жүреді.

Автор: ал, марғау алыстан бақылай отырып, сауысқанды қағып түспек болады. Ол өзінше аулап отырған кезде сауысқан өреден құртты ала қашты. Марғау сол кезде өзінің қауқарсыз екенін түсінді.

Марғау: қап, әттеген-ай, сауысқанды ұстай алмадым-ау. Ехх, қанатым болса ғой, әлдеқашан ұстап алатын едім осындай ұрлықшы құстарды. Мен одан да өзіме қанат жасап алсам қалай болар еді?! (Ойлана).

Автор: марғау ойлана келе өзіне қанат жасап алмақшы болып тауық қораға келді.

(Тауық қораға келеді. Тауықтар шулап, қыт-қыттап, айдарлы әтеш қоқаңдап, марғауды қорадан қуып шығады).

Автор: сонда да түсіп қалған екі қауырсынды ала шықты.

Марғау: ойпырмай, жерге түскен қауырсынды сонша қызғанып кетті ғой. Қазір көрейінші, жіп әкеліп байлап аламын.

Автор: марғау екі қауырсынды екі иығына байлап алып, әрі-бері жүгіріп көреді. Енді ағаш басына шығып, ұшып көрмек болады.

(Марғау ағаш басына шығады. Ағаш басына шығып бара жатқанда қараторғайлар зу-зу етіп марғау үстінен ұшып өтеді).

Марғау: мен қазір шығып алайын, сендердің ұшқандарыңды көремін (ызалана).

Автор: қанатына сенген марғау ағаштың биіктеу жеріне шығып, құлашын кеңге жайып, самғап ұшпақ болып, ырғығаны сол еді, құлдилап жерге топ ете қалды. Марғаудың бұл қылығына құс біткеннің барлығы күледі.

Қараторғай: мұндай ақымақ мысық көрсем, көзім шықсын, - деп күлкісін тия алмайды.



Сауысқан: нағыз ақымақ екен.

Торғай: Құдай-ау, бұларға қанат бітпей-ақ қойсын, аспанда бір құс қалдырмас.

Автор: бұларды манадан бері бақылап отырған кәрі төбет.

Кәрі төбет: әй ақымақ-ай!

«Ақылды мақтанса – іс тындырар,

Ақымақ мақтанса – аяғын сындырар» - деген осы шығар.

(Мысық бәріне күжірейе қарап отырады).



Автор: міне, балалар, ертегі сендерге ұнады ма?

Марғаудың арманы бос қиял екенін түсінді-ау.

Бірақ сол кезден бері мысық көрсе, құстар шулап, мысық итті көрсе, айбат шегіп, бір-бірін ұнатпайтын жау болыпты.

3.Тақырыбы: «Қамқорлық».

Мақсаты: балалардың адамгершілік туралы ойларын кеңейту, бір-біріне қамқорлық жасауға үйрету. Балаларға оқиғаның айқын образын көрсете білу, оқиға туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін арттыру, ертегіні заманауи аймақтық түрде сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, ой-

қиялын арттыра отырып, барлық тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға үйрету.

Көрнекіліктер: ауыл көрінісі. Шиырма, қуыршақтар: ата, бала, қыз, торғай.

Жаз мезгілінің көрінісі. Күн ыстық. Екі бала ойнап келе жатады.

Автор: Ақнар мен Алдияр өзен жақтан шомылып келе жатады. Кенет екеуінің алдынан қанаты сынған кішкентай торғайдың балапаны жорғалап қаша жөнеледі. Шиқылдап қашқан торғайдың артынан екі бала қуа жөнеледі.

Алдияр: ой, қанаты сынған екен ғой.



Ақнар: онда екінші қанатын сындырып, суға салып жібереміз бе?

Автор: бұл екеуінің сөздерін сол жерде жүрген Айкөркем естіп қалады. Бұларды тоқтата алмасын білген қыз атасына айтуды ұйғарады.




Қыз үйіне қарай жүгіреді. Алдынан атасы шыға келеді.

Атасы: не болды, қызым, сонша жүгіріп, үйге қарай жүгіруге болмайды!

Айкөркем: ата, ана жақта Алдияр мен Ақнар құстың балапанын қорлап жатыр. Сынған қанатын көріп, екіншісін де сындырып, суға салып көрмекші. Ата, жүріңізші, оларды тоқтатыңызшы, олай жасамасын.

Автор: атасы екеуі жылдамдата басып, балаларға қарай жүгірді. Атасын көрген екі бала қаша жөнелгісі келді. Бірақ атасы оларды жай ғана өзіне қарай шақырды.



Ата: ал, балалар, не істеп жүрсіңдер?

Ақнар: жай, мына торғайдың баласын, - деп күңкілдейді.

Ата: иә, не болыпты балапанға?

Алдияр: қанаты сынған ғой.

Ата: енді не істемексіңдер?

(Екеуі үнсіз жерге қарады. Ата екеуіне қарап басын шайқады).

Ата: әй балаларым-ай, кіп-кішкентай балапанға қамқорлық жасамайсыңдар ма?

Құстар – біздің досымыз емес пе?

(Ата құстардың адамға тигізер пайдасы жайлы айтады).

Автор: балалар қателіктерін түсініп, ұялады.

Ақнар: енді біз құстарға ұя жасаймыз, қорламаймыз.

Автор: атасы жаралы балапанның қанатын байлап береді. Алдияр мен Ақнар балапанға ұя жасауға кірісті. Атасы екі немересінің сыртынан мейіріммен қарап тұрды.

Міне, балалар, құстар – біздің досымыз, оларға қамқорлық жасауымыз керек. Қыста қыстап қалатын құстарға ұя жасап, жем шашып тұруымыз керек екен, иә, балалар?!

4.Тақырыбы: «Әдепті бала».

Мақсаты: балаларды шығармадағы оқиғаны өздерінің өміріндегі көргендерімен салыстыра отырып, үлкенге құрмет, кішіге көмек беруге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: сахна қала көріністерімен жабдықталған, аялдама.

Қатысушылар: қарт кісі, әже, балалар: Алмат пен Ақнар.

Сахна ашылып, автобус гүрілі естіледі.

Автобус жүргізушісі:

Кірістім мен жұмысқа,

Жолаушылар, ұрыспа!

Артқа тастап бөлісті,

Аралаймыз көп жерді (көңілді әуенмен).



Аялдамаға келіп тоқтайды.

Автобус кондукторы хабарлайды: «Емхана» аялдамасына келдік.

Аялдамаға қолына таяқ ұстаған қарт кісі мен ауыр сөмкесі бар әже келіп тұрады.

Автобус тоқтап, қарт кісі мен әже ішке кіреді. Екі дос Алмат пен Ақнар көліктегі орындықта отыр еді. Алмат ол кісілерді көрмеген болып, терезеге қарап отыра береді (оны көрген үлкендер басын шайқайды).

Ақнар: мына орынға отырыңыздар, - дейді. Атаға орын беріп, әженің сөмкесіне жәрдем береді.

Ата: рақмет, балам, көп жаса, өркенің өссін! - деп күлімсірейді.



Жолаушылар: недеген әдепті бала! – деп сүйсінеді.

Алмат өзінің қателігін түсініп, «Енді білдім, үлкенді сыйлауды, достарды, айналадағы адамдарды құрметтеу керектігін» - деп ой түйді.

5.Тақырыбы: «Мақтаншақ тышқан».

Мақсаты: балаларды ертегінің мазмұнын түсінуге, ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің бейнесін ажыратуға және еңбекқорлыққа тәрбиелеу.


Көрнекіліктер: шиырма, бидай, қақпан, тауық, тышқан, құмырсқа.

Автор: ертеде тышқан мен құмырсқа өмір сүріпті. Тышқан жалқау, мақтаншақ, ал құмырсқа еңбекқор екен. Тышқан бір інді өзіне мекен етіпті. Жоқтан бар қылып, мақтанғанды өте жақсы көреді екен. Ала жаздай тек сауық-сайран құрумен өмірі өтіпті.

Тышқан: ой досым-ай, сен де бір жыбырлап тыным таппадың ғой, демалсаң қайтеді. Жесең, бір дәннен жерсің мынау ауқалыңмен қыста.



Құмырсқа: әй тышқан досым-ай, қыс бір күнде өтіп кетпейді ғой, қыстың қамын жазда ойлау керек, қыста саған кім тамақ береді дейсің.



Тышқан: әй қойшы, құрысыншы бәрі де, рахаттанып жүрмеймін ба? Қыста бір жақсы қораға жайғасып алсам, қамбаға ма, мұртымды балта шаппас. Маған дәндер өзі келіп түсе береді, - деп топ-топ етіп билейді.

Құмырсқа: иә, көрерміз топ-топ етіп түскенінді.

Тышқан: иә, көрерсің.

Автор: күндердің күнінде қыс мезгілі де келіп жетеді. Тышқанның азығы таусылып, тапшылық көре бастайды. Содан тышқан азығымды қайдан тапсам деп ойланып отырады. Сол кезде тауықтардың жеп жатқан дәніне тышқанның көзі түседі.

Тышқан: мына дәндерді қалайда ініме тасып алуым керек, - деп ойлайды.

Автор: бірақ ойы іске аспайды. Өйткені айналаға қақпан қойылған екен. Сөйтіп тышқан бір жеті нанды ала алмай жүреді. Әбден қарны ашқанын сезген тышқан көрші құмырсқаға келеді.

Тышқан: құмырсқа достым, маған бір уыс дән берші, - деп сұрайды.

Құмырсқа: менің саған берген бір уыс дәнім не болады дейсің. Жалқауланбай еңбек етуің керек еді. Мен саған бере алмаймын, ренжіме, - деп шығарып салды.

Автор: тышқан құмырсқа досына қатты ренжиді.

Тышқан: бірақ несіне өкпелеймін, өзіме де сол керек, жұрттың бәрі еңбектеніп, азық жинап жатқанда жүрдім селкілдеп.

Автор: сол қыстан тышқан арып-ашып шығып, көктемге зорға жетеді.

(Тышқан әзер жүргенін сахналау).

Автор: осы қыс тышқанның есінде шықпастай есте қалды.



Тышқан: е, қу басым-ай!

«Еңбек етсең ерінбей,

тояды қарның тіленбей» деген осы екен ғой деп басы салбырап қайтады.

Сол күннен бастап тышқан бар тапқанын ініне тасумен болады.

6.Тақырыбы: «Ақылды бала».

Мақсаты: балаларға әңгімені тыңдата отырып, ондағы кейіпкерлердің бейнесін қуыршақ театры арқылы көрсету. Балаларды сабырлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: арнайы ширма, қуыршақ театрына арналған жабдықтар, қуыршақтар. Ата, ер бала, дәрігер.

(Екі бала атаның қасында ойнап жүреді).



Автор: Алмат пен Сүндет – аталарының сүйікті немерелері.

(Алмат атасына мейіріммен қарайды).

Алмат: атамды қатты жақсы көремін.

(Атасын құшақтайды).

(Сүндет Алматтан қалыспай, атасының екінші жағынан құшақтап).

Сүндет: атам меніңкі. Атам мені жақсы көреді. Сен сияқты атамнан әрнәрсе сұрай бермеймін, - деп дауласты.

Автор: екі немересінің таласына қуанып, мәз болып ата отырды.

(Кенет қарияның мазасы кете бастайды. Көзі қарауытып, кереуетке қисая кетті).

Автор: зәресі ұшып, қорқып кеткен Алмат бақырып жіберді.

Алмат: ата, атам!

(Алмат жылайды).

Автор: ал Сүндет саспай, өзін сабырлы ұстап, телефонға барады.

(Сүндет телефонды алып, жедел жәрдемге хабарласты).

Сүндет: алло, жедел жәрдем бе? Біздің үйде атам ауырып қалды. Тезірек келіңізші. Мекенжайымыз Самал 3, 44-үй.

(Жедел жәрдем дауысы. Ақ халат киген дәрігер келді).



Автор: атайға дәрігер дәрі берді, қан қысымын бақылады. Сәлден соң ата басын көтерді.

Ата: рақмет сізге, дәрігер, дер кезінде келдіңіз. Рақмет!

Дәрігер: ауырмаңыз, ата! Сауығып кетіңіз.

(Дәрігер балаларға қарап):

Дәрігер: телефонмен жедел жәрдемді кім шақырды?

Сүндет: мен шақырдым!



Дәрігер: жарайсың, ақылды бала екенсің, атаңды сен құтқарып қалдың. Атаңды нағыз жақсы көретін бала екенсің.

(Дәрігер балаларға сүйсіне қарайды. Сүндет пен Алмат аталарын құшақтайды).

7.Тақырыбы: «Күлшені кім алды?»

Мақсаты: рольдерге бөліп ойнату арқылы байланыстыра сөйлесуге жаттықтыру, сөздік қорын байыту, өз беттерінше ізденуін дамыту, балаларды достыққа, адал болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: орман көрінісі, жабайы жануарлар төлдері.

Автор: ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде аң төлдері орманда өте тату және тәртіпті достар болыпты. Күндердің күнінде олардың араларында шу шығыпты. Түлкі көжектің бетін тырнапты, ал қасқыр болса елікті ырылдап шошытыпты, тышқан пілдің құлағына айқайлапты. Бұл жағдайды байқаған керік барлығын жинап, тынышыққа шақырыпты.

Керік: төлдер, неге бұлай шулап, тәртіпсіз болып кеттіңдер? – депті.




Түлкішек (жыламсырап):



- Менің анам жейсің деп дорбама тәтті күлше салып берген еді. Қарным ашқанда жемекші болып қарасам, күлшем жоқ екен, оны көжектен басқа ешкім көрмеді, күлшені көжек ұрлады.

Көжек (көзі бақырайып):



- Мен ұрламадым, сен дорбанды ағашқа ілгенде ол құлап түсті, дорбаны жерден көтерген тышқан. Күлшені тышқан ұрлады.

Тышқан (шошып):



- Неге олай дейсің, көжек? Дорба жерде жатқанда көтермекші едім, бірақ бойым жетпеді, көмекке пілді шақырып алдым. Піл ұрлады.

Піл:



- Иә, дорбаны ілген мен. Бірақ күлшені мен алмадым. Мен ілген бұтақта сауысқан қонақтап отырған. Сауысқан ұрлауы мүмкін.

Автор:

- Жануарлар бір-бірімен күні бойы ұрысумен болды. Бір-біріне ала көзбен қарап жүрді. Ал сауысқан өзінің не көргенін, не алғанын айтпады. Күлше сол күйі табылмады. Ал жабайы жануарлар сол кезден соң достықтан ажырап, бір-бірімен жауласып кетіпті.

Автор:

- Балалар, қалай ойлайсыңдар, күлшені кім ұрлады? Ұрлық деген өте жаман әдет. Біреудің затын алуға бола ма екен?

Балалар: жоқ, алуға болмайды.

Автор:

- дұрыс айтасыңдар, алуға болмайды.

8.Тақырыбы: «Тастанды күшік».

Мақсаты: балаларды жақсы мен жаманды айыра білуге, жақсыдан үлгі алуға, жаман әдеттен жиренуге тәрбиелеу. Қандай да болмасын істің дұрысы мен бұрысы болатынын, оны ажырата білу керектігін түсіндіру, жақсы істі үйренуге дағдыландыру. Жан-жануарларға қамқорлық жасауды үйрету. Гигиенаға, тазалыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: қала көрінісі, биік үйлер. Ата, әке, қыз, бала (қуыршақтары), күшік.

Жүргізуші: Кәусар – мейірімді қыз. Сүп-сүйкімді. Достары көп, ешкіммен ұрыспайды. Әкесімен балабақшаға барып, келеді.

Бірде Кәусар әкесімен бірге балабақшадан келе жатқанда қайдан шыққаны белгісіз, кішкентай күшік ереді. Бұлар қаншалықты жылдамырақ жүрсе, ол да соншалықты жүгіріп, қыңсылай береді.



(Күшік әке мен қыздың соңынан жүгіреді).

Жүргізуші: дауысы сондай аянышты еді. Өлдекімдерден жәбір көргендей, мені ала кетіндерші, мені тастамаңдаршы дегендей қыңсылайды күшік.



(Қыз күшікті ұстағысы келді, әкесі шыр-пыр болып).

Әкесі: ұстама, қызым, тиме! Қайдан келгені белгісіз, мүмкін ауру шығар?!

Кәусар: жоқ, ол ауру емес. Мүмкін біреу ренжіткен болар, бізден көмек сұрап тұр. Өзі сондай кішкентай, қарны аш сияқты.

(Әкесіне жалына қарап).

- Біздің үйге апарайықшы.

Әкесі: жоқ, қызым, болмайды. Жолдан көрінген нәрсенің бәрін ала беруге, ұстай беруге болмайды.

Жүргізуші: осы айтыспен әкесі мен қызы үйге жетті. Күшік те қалар емес, сондарынан ілесіп.

(Қақпадан күшікті әкесі кіргізбей қояды, Кәусар ренжіп тұрады).

Жүргізуші: үйден ағасы Мақсат шығады, күшікті көреді.

Мақсат: қазір мен сені келген жеріңе апарып тастаймын.

(Күшікке шүйлікті).

Кәусар: жоқ, тастамашы... апармайсың!

(Жылап жіберді).

Жүргізуші: бұл дауыстан үйден Кәусардың атасы шықты, не болды дегендей баласына қарап.

Атасы: тыныштық па?

Әкесі: Кәусар мына бір күшікті аламын деп. Ауру ма? Сау ма? Алам деп көнбейді. Үйге кіргізбедің деп жылап жатыр.

(Атасы Кәусарға жақындап, сипалап еркелетеді).

Атасы: кішкентай ғана қошақаным-ау, жаны ашып тұрғанын қарашы, кішкентай жүрегіңнен сенің, қамқор болған. Қызым, бірақ әкеңнің де айтқаны дұрыс, жолдан көрінген нәрсені алып, ұстауға болмайды, мүмкін ауру шығар, біз бұл күшікті бірінші мал дәрігеріне көрсетейік, содан соң үйге кіргіземіз ба, жоқ па, соларға қалдырамыз ба?



Жүргізуші: Кәусар жұбанғандай болды. Атасы өзінің айтқан уәдесінде тұрды. Мал дәрігеріне күшікті апарды.

(Атасы мен Кәусар күшікті мал дәрігеріне көрсетеді).

Мал дәрігері: иә, бұл күшіктің дені сау екен, тек қараусыз қалған. Дұрыс жасадыңыздар.

- Бірақ, Кәусар қызым. Атаң мен әкеңнің айтқаны дұрыс, сен де достарыңа айта жүр, жолдан көрінген тастанды мысық, күшік, т.б. жануарларды үлкендердің рұқсатынсыз ұстауға болмайды, жарайды ма?



Кәусар: түсіндім, рақмет сізге, дәрігер!

Жүргізуші: кіп-кішкентай күшіктің үйге келуі Кәусар үшін естен кетпес ерекше оқиға болды. Әкесі мен ағасы күшікке үйшік жасап берді. Атасы өзі келген күшік құт болады деген ырыммен атын Құтжол деп қойды. Міне, балалар, сендерге оқиға ұнады ма? Сендер де жолдан көрген мысық, күшікті үлкендердің рұқсатынсыз ұстамаңдар және оларды қорламаңдар.

9.Тақырыбы: «Жалқау қоян».

Мақсаты: балаларды ертегіге зейін қойып, аяғына дейін тыңдауға, театрландырылған қызметке деген сүйіспеншілік пен дайындауға ынталандыру, балаларға жалқаулық жаман әдет екенін театр арқылы көрсету.

Көрнекіліктер: ширма, қуыршақтар.

Автор: баяғы өткен заманда орманда құрғақшылық болыпты. Жаз келсе де бір тамшы су жаңбыр жаумапты. Шөлден азап шеккен жануарлар бір шарасын ойлап табуға жиналыпты. Сөйтіп аң патшасы арыстанның ұсынысымен құдық қазуға бел буыпты.



Барлық жануарлар, тіпті құстарға шейін күндіз-түні еңбек етіп, құдық қазуға кірісіпті. Бір араларындағы қоян ғана «Мен әлі кішкентаймын» деп, жұмыс істегісі келмеді. Қоянның бұл ісі ешкімге ұнамапты.



Сауысқан: әй қоян, неге көмектеспейсің, сен әлде шөлдеген жоқсың ба?

Қоян: жоқ, мен әлі кішкентаймын, өздерің қаза беріңдерші, - деп жата береді.

Автор: күн, түн демей бәрі жабылып жүріп құдықтан су шығарады. Аң біткеннің бәрі қуанып, су ішіп, шомылып, мәре-сәре болады. Қоянның жұмысқа көмектеспегені Арыстанның да құлағына жетеді.

Арыстан: құдықты қазуға көмектеспеген бірде-бір аң су ішпейді, сол үшін құдыққа күзетші қоямыз. Ол құдығымызды күзетеді.



Автор: бұл жарлық тек қоянға ғана ұнамайды, ол әбден шөлдейді, үсті кірлейді. Қоян істеген ісіне өкінсе де, бұл өкінішінен ешқандай пайда болмапты. Бір күні түнде кезекшілікке піл келіпті. Пілмен дос болған қоян ешкімге білдіртпей су берер деген оймен қасына барыпты.

Пілдің қасына барса, піл ұйықтап жатады, қанша оятса да оянбайды. Болмаған соң құлағына барып айқайлайды. Піл ұйқысынан шошынып оянамын деп қасындағы үйіндіні құдықтың ішіне құлатып алады. Осылайша құдық бітеліп қалады.

Піл: (болған жағдайға күйініп, ренжиді)



менің кесірімнен болды. Енді не істейміз? Ертең жануарлар не дейді? - деп жылай бастайды.

Қоян: достым, қайғырма, бір жолын табамыз. Екеуміз осы құдықты қазатын болсақ, таң атқанша бітіріп қаламыз, - дейді.

Піл: сен кішкентайсың әрі әлсізсің ғой, - дейді.

Қоян: енді көр де тұршы, менің қалай жұмыс істейтінімді, - дейді. Екеуі құдықты қаза бастайды.

Автор: шынында да, қоян білегін сыбана іске кіріседі. Таң атқанша пілмен бірге құдықты қазып тастайды.

Су ішуге келген жануарларға піл болған жағдайды айтады. Барлығы қол шапалақтайды.

Піл: Енді қоян су ішуге лайықты.

Қоян (қуанғаннан): енді мен жалқау болмаймын. Су ішкеннен бұрын өзге жануарлармен татуласқанымға қуаныштымын. Енді мен де орманның бір мүшесімін. Өзімді бақытты сезініп тұрмын.

Автор: міне, балалар, ата-бабаларымыз «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» - деп бекер айтпаған.

10.Тақырыбы: «Аңғал қоян».

Мақсаты: күнделікті өмірде болатын жағдайларда, адам өмірінде кездесетін қауіпті оқиғаларда бейтаныс адамға ермеу, онымен сөйлеспеу, берген затты алмау.

Көрнекіліктері: қоян, алан, құралай, керік, ширма, аула, қасқыр.

Автор: достар алаңқайда ойнап жүреді.

Керік: достар, велосипед жарысы болмақ, соған қатысайық, барлығымыздың бір-бір бөлшегін қоссақ, жақсы бір велосипед шығады.



Қоян: мен қатысамын, дұрыс болар еді, менің де сағатымды бәрі көрер еді, -деп мақтанады.



Көрініс: бәрі жабылып қоянның сағатын көреді.

Қоян: ой, міне, хабарлама келді.

Бәрі қоянның сағатын тамашалап болып, велосипед бөлшектерін жинауға кетеді.

(Қоян сағатына келген хабарламаларды оқып, мәз-мейрам болып отырады).

Қоян: шіркін, осындай тәтті торт жесем ғой, - деп күбірлеп.



Кенет қасқыр қасына келіп:


Қасқыр: торт жегің келе ме, менде бұдан да үлкені бар, өте дәмді, бірақ бұл жерде емес, жегің келе ме? - дейді.

Қоян: тәтті тортты кімнің жегісі келмейді, әрине, жеймін, - дейді қуанып.

Автор: қасқыр қоянды машинаға ертіп келіп, есігін ашады.

Қоян үрпиіп: торт жоқ қой.

Қасқыр: торт, мен сені қазір жеймін, - деп гүр етеді.



Қоян: ай-й, ай-й, құтқарыңдар, құтқарыңдар, маған көмектесіңдер.

Автор: қоян айғайлаған күйі бөтен көлікте кете барды.

Сахнада: достар шығады, қоянды іздейді.

Керік: ой, қоянның ұялы телефоны мұнда қалып қойыпты.

Алан: оған бір қауіп төніп тұрған сияқты.

Құралай: оның қол сағатына хабарласайық.

Қоңырау шалады (телефон дыбысы).

Қоянның: «Құтқарыңдар, көмектесіңіздер!» деген дауысы естілді.

Алан: айттым ғой, оған қауіп төніп тұр (айғайлап).

Алан: кеттік, көмектесейік оған.

Керік: біз бірінші үлкендерге хабар берейік, - дейді.

Құралай: дұрыс айтады, үлкендерге айтайық, - дейді.

Автор: барлық аң қоянды іздеуге кіріседі. Үлкендер полицияға хабар береді.

Орман шетіндегі ескі бір үйден қоянның дауысы естіледі.

Сахнада торға қамалып жатқан қоянның көрінісі.

Достар қоянның қасына келеді.

Қоян: достарым, көмектесіңдер, құтқарыңдаршы!

Алан: мұнда қалай келдің?

Қоян: торт беремін деп қасқыр алдап мінгізді машинаға.

Алан: ой, достар, бізге де қауіп төнді.

Автор: сол кезде қасқыр келіп қалады, шулаған дауысқа үлкендер мен полиция да келеді. Полиция қасқырды ұстап алады.

Қоян: достар, енді бұлай жасамаймын, сендер болмағанда не болар еді, қатты қорықтым.

